

Ынтымақтастық туралы шарт

Қарағанды қ.

«8» қыркүйек 2025 ж.

Қарағанды «Bolashaq» жоғары колледжі ЖМ, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Г.Б.Мамраева атынан, бір тараптан, және Жарғы негізінде әрекет ететін директор Жанділдин Ерлік Борисұлының атынан «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, Ынтымақтастық туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарттың мәні Тараптар арасындағы ынтымақтастықты дамыту, білім беру ұйымдары арасындағы әріптестік қатынастарды нығайту және бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндігі мақсатында өзара әрекеттестік орнату болып табылады.

2. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Тараптардың ынтымақтастығының негізгі бағыттары болып табылады:

- 2.1. білім беру ұйымдарында оқу үдерісін ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған бірлескен қызмет;
- 2.2. маман даярлау мақсатында қолда бар білім беру ресурстарын (материалдық-техникалық, әдістемелік, ақпараттық, кадрлық, жұмыс берушілермен әлеуметтік әріптестікті ресурс ретінде) тиімді пайдалану мәселелері бойынша тәжірибе алмасу, ашықтық пен қолжетімділік қағидаттары негізінде жүзеге асырылады;
- 2.3. жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес жаңа біліктіліктерді әзірлеу және енгізу, жаңа мамандықтар мен қосымша мамандандыруларды енгізу бойынша тәжірибе алмасу;
- 2.4. бірлескен инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу; Тараптардың оқытушылар құрамын кәсіби қайта даярлау және біліктілігін арттыру, педагогикалық құрам үшін шеберлік сабақтарын өткізу;
- 2.5. оқу-әдістемелік бағдарламаларға, жобаларға, оқу әдебиеттеріне сараптама жүргізу, оқу бағдарламаларына рецензия жасау.
- 2.6. білім беру саласындағы педагогикалық және өзге де мәселелер бойынша бірлескен конкурстар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізу;
- 2.7. сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу әдістемесі, қолданылатын білім беру технологиялары бойынша тәжірибе алмасу;
- 2.8. өзекті мәселелер бойынша бірлескен жарияланымдар дайындау;
- 2.9. бірлескен халықаралық жобаларды іске асыруға мүдделі тараптарды тарту.

3. Тараптардың міндеттері

Тараптардың міндеттері:

- 3.1. Осы Шартты орындау мақсатында жасалған жеке шарттарда көзделген тәртіпте, көлемде және тәсілдермен бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесу; бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті заңдық және іс жүзіндегі әрекеттерді уақтылы әрі толық көлемде орындау;
- 3.2. Ұлттық заңнама талаптарын сақтай отырып, өз карамағындағы ақпараттық ресурстармен алмасу;
- 3.3. Ынтымақтастық бағыттарын іске асыруға байланысты мәселелерді жүйелі түрде талқылау;
- 3.4. Осы Шартты іске асыру барысында туындайтын мәселелерді қарастыру, олар бойынша келісілген шешімдер қабылдау.
- 3.5. Тараптардың басшыларымен бірлесіп ынтымақтастықты үйлестіруге құқылы уәкілетті тұлғаларды тағайындау.

4. Қорытынды ережелер

4.1. Осы Шарт шеңберінде іске асырылатын бірлескен іс-шаралар және/немесе бағдарламалардың мазмұнының егжей-тегжейлері, ауқымы мен жүзеге асырылуы екі елдің мүдделі ұйымдары арасында жасалатын жеке қосымша келісімдерде айқындалуы мүмкін.

4.2. Осы Шарт шеңберінде іс-шаралар және/немесе бағдарламалар Тараптардың адами, материалдық және қаржылық ресурстары болған жағдайда жүзеге асырылады.

4.3. Осы Шарт оған қол қойылған (жасалған) кезден бастап 5 жыл мерзімге жасалды. Тараптар Шартты өзара келісім бойынша бұзуға да құқылы.

4.4. Тараптар бір-бірінің ақпаратына, деректеріне, фактілеріне, сандарына, стратегияларына және саясаты туралы мәліметтеріне қатысты құпиялылықты сақтайды және ынтымақтастық барысында белгілі болуы мүмкін деректерді үшінші тұлғаларға жария етпейді.

4.5. Шарт орыс тілінде екі данада жасалды.

«Қарағанды «Bolashaq» жоғары колледж» ЖМ
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.,
Мұқанов к-сі, 30
8(7212)339039, 8(7212)339244
ИИК KZ956017191000000405
БСН 000140000469
БСК HSBKKZKX Кбе 17
«Қазақстан Халық банкі» АҚ

Директор _____ Мамраева Г.Б.



«Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» КМҚК
Қазақстан Республикасы,
Петропавл қ., Абай к-сі 28,
тел. +7 (7152) 369136
ИИК KZ 768560000000072539
БСН 990340007262
БСК HSBKKZKX

«Қазақстан Халық банкі» АҚ



Директор _____

Е.Жанділдин